

2005 жылдың 1 қыркүйегінен бастап шығып келеді

Таралымы жазылу бойынша * Распространяется по подписке

«Жайлы мектеп» — сапалы білім беру мен оқушылардың саулығы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады



«Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды», - Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды тапсырды. Жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 460 мың орындық 217 заманауи мектептің құрылысы жоспарланған, оның ішінде 105 мектеп 2024 жылы салынды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан, заманауи талаптарға сай келетін тегін білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бастама жайлы мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартып қана қоймай, балалардың шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуға ықпал ететін орта қалыптастырады.

Жайлы мектептердің көлемі типтік мектептерге қарағанда, 15-20%-ға кең, сондай-ақ техникалық жарактануы да 4 есе артық. Мектептерде робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, хореография залдары, коворкинг аймақтары, 4 спорт залы қарастырылған, сондай-ақ алғашқы өскери дайындық үшін арнайы ашық алаңдар жабдықталады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары бөлшек блоктарда білім алады. Жайлы мектептердегі ең басты жайлылық - эргономикалық кеңістіктің құрылуы.

Жайлы мектептерде инклюзиялық білім беруге ерекше көңіл бөлінеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке санитарлық бөлмелермен кең кабинеттер қарастырылған. Сонымен қатар мектептерде жеделдетілген, пандустар, арнайы белгілер, психолог, логопед және дефектолог кабинеттері бар.

Жайлы мектептің ерекшелігі сонда, әр блокта оқушылар мен педагогтер үшін демалыс аймақтарын көруге болады. Мұнда жұмсақ жиһаздар, кітаптар, музыкалық аспаптармен үстел ойындары қойылған.

Мектептер сонымен қатар заманауи бейнебақылау және мектепке кіріп-шыққандарды қадағалау жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

Жобаның негізгі міндеттерінің бірі - оқу процесінде жаңа технологиялар мен әдістемелерді меңгерген білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету.

Бұдан бөлек, елімізде 510 мың оқушы орнына арналған 422 мектеп салынып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Бұл 32 апатты және 71 ұшауысымды мектеп мәселесін шешіп, ел аумағындағы 200 мектепте оқушы орны тапшылығын жоюға мүмкіндік берді.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының желісі бойынша 100 мыңға жуық оқушы орнына арналған 89 мектептің құрылысы қаржыландырылды.

2024 жылы 80 мыңнан астам педагог біліктілікті арттырудың тегін курстарынан өтті.

Оқушы орындарының тапшылығы, ұшауысымды оқыту және апаттық мектептер мәселесін шешу, сондай-ақ қалалар мен ауылдар арасындағы білім беру инфрақұрылымы сапасының айырмашылығын азайту мақсатында елімізде мектеп құрылысын жүргізу және реновациялау бойынша бастамалар қарқынды іске асырылуда.

2025 жылы 300 мың орындық 200-ге жуық мектептің құрылысы жүзеге асырылады.

«Ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды. «Мектебі бар ауылда тіршілік бар» деп бекер айтылмаған», - Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Президенті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жыл сайын аудандық және ауылдық 1000 мектеп жаңғыртылуда.

Бүгінгі таңда орта білім беру ұйымдарының 67%-ын (5236 мектеп) аудандық және ауылдық мектептер құрайды, оның ішінде 4 мың мектеп жаңғыртылды.

Таяудағы үш жыл ішінде еліміздің барлық өңірінде 1231 мектепті реновациялау жоспарлануда, оның ішінде 820 мектеп ауылдық жерлерде орналасқан. Реновация мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге және педагогтердің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл шаралар халықтың туған жерінен табан аударып, қалаға жаппай көшу мәселесін де шешеді.

Еліміздің барлық өңірінде жаңа білім беру нысандарын салу арқылы қосымша жұмыс орындары құрылуда, бұл әлеуметтік, экономикалық жағдайды жақсартуға және жалпы құрылыс саласын дамытуға ықпал етеді. 2024 жылдан бастап жаңа салынған мектептерде 5000-ға жуық педагог жұмыспен қамтылды.

Ұлттық жобаның тағы бір маңызды бағыттарының бірі - қазақстандық тауарлар мен қызметтерді өндірушілерді қолдау болып табылады.

Жаңа мектептерге барлық жиһаздарды отандық кәсіпорындар жеткізеді. Бұл ұлттық экономиканы нығайтуға және қазақстандық өндірушілердің жаңа жұмыс орындарын құруына, елдегі экономикалық тұрақтылыққа, жергілікті өнеркәсіпті дамытуға ықпал етеді.

Заманауи форматтағы мектептер барлық қазақстандық балалардың қолжетімді әрі жайлы, қауіпсіз ортада сапалы білім алуына жол ашады.

ҚР ОАМ

Қазақстанда орта білім беру ұйымдарының 67%-ы (5236 мектеп) аудандық және ауылдық жерлерде орналасқан, бұл білім беру ошақтарында 1,6 миллион бала оқиды. Қалалық және ауылдық мектептер үшін бірыңғай білім беру стандарттары енгізілуде, деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕРДІ РЕНОВАЦИЯЛАУ БОЙЫНША АУҚЫМДЫ ЖОБА БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес таяудағы үш жыл ішінде еліміздің барлық өңірінде 1231 мектепті реновациялау жоспарлануда, оның ішінде 820 мектеп ауылдық жерлерде орналасқан.

Оқу-ағарту министрлігімен мектептерді реновациядан өткізудің жүйелі жоспары бекітілді, облыс әкімдіктері 2025-2027 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірледі.

Реновациядан өткізуде мектептерді күрделі жөндеу, заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, кітапханалар мен асханаларды жаңғырту, спорт залдарын салу немесе реконструк-

циялау, қоғамдық кеңістіктерді жабдықтау, сондай-ақ қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету қарастырылған.

Бұл шаралар мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге және педагогтердің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоба үш жылда жүзеге асырылады: 2025 жылы 262 мектеп, 2026 жылы 436 мектеп, 2027 жылы 466 мектеп. Қосымша 2028-2029 жылдары Жамбыл облысында 67 мектеп жаңғыртылады.

ҚР ОАМ

Өңірлер ваучерлік қаржыландыруды енгізу тәжірибесін меңгеру

Қазақстанның мектепке дейінгі ұйымдарында ваучерлік қаржыландыруды енгізу қарқынды жалғасуда. 2025 жылдың басынан бұл жүйеге елордалық мектепке дейінгі ұйымдар да қосыла бастады.

Ваучерлік қаржыландыруға Астана қаласынан 670 балабақша қатысуда, бүгінде берілген ваучерлер саны 25 мыңнан асты. Айта кету керек, ваучерлік қаржыландыру сондай-ақ Тараз, Түркістан, Орал және Шымкент қалаларында енгізілді. Түркістан, Орал, Тараз сияқты бірқатар қалаларда жаңа жүйенің арқасында 2 жастан асқан балалардың кезегі толықтай жойылды.

Бұл механизм мектепке дейінгі ұйымдар арасында мемлекеттік тапсырысты ашық және тиімді бөлуге бағытталған. Жаңа жүйенің негізгі артықшылықтары - балабақшалар арасындағы шынайы бәсекелестік арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру, ата-аналарға білім беру мекемесін таңдау құқығын беру, қаржыландыру мен бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығы.

ҚР ОАМ

Дорогие учителя!

НАЧИНАЕТСЯ ПОДПИСНАЯ КАМПАНИЯ НА РЕСПУБЛИКАНСКУЮ УЧИТЕЛЬСКУЮ ГАЗЕТУ «УСТАЗ» НА 2025 ГОД.

При оформлении годовой подписки, подписчику дается право на 1 (одну) бесплатную публикацию статьи (открытый урок, внеклассная работа, и т.д.)

Оформить подписку на Республиканскую газету «Устаз» можно во всех отделениях АО «Казпочты»

ИНДЕКС	КАЗПОЧТА	РЕДАКЦИЯ
64595	ФИЗИЧЕСКИЕ ЛИЦА	3000
14595	ЮРИДИЧЕСКИЕ ЛИЦА	3600

(цена указана издательская, без услуги АО «Казпочта»)

Публикуйте свои материалы, обменяйтесь опытом с другими учителями в воспитании подрастающего поколения нашего НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА!
Мы ЗА ПЛОДОТВОРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО!

Для публикации статьи вам только остается направить материал на наш e-mail: ustazgazeti@mail.ru
(не забудьте прикрепить квитанцию о подписке на год)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Естеріңізге саламыз! Жарылауға берілген сабақтарыңыз жоғарғы әдістемелік деңгейде болуы тиіс. Сіздің сабақтарыңыз мұғалімдердің оқыту әдісіне жаңа көзқарас, қызықты элементтер, жаңашыл ойлар енгізу керектігін ұмытпаңыздар.



Учитель прикасается к вечности:
никто не может сказать, где кончается его влияние.

Генри Адамс



Ермагамбетова Шынар Жумабековна
№45 «Алтын бала»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ МЕН ТӨЛДЕРІ

Білім беру дағдысы: «Қатынас»
Бөлімі: Сөйлеуді дамыту
Ұйымдастырылған оқу – қызметінің тақырыбы: «Үй жануарлары мен төлдері»

Ұйымдастырылған оқу – қызметінің мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейтеді, олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айқынды зейін қойып тыңдауға үйренеді. Төрт түлік малдың пайдасын айта отырып, оларды қадірлеуге, еңбексүйіштікке тәрбиелейді. Бала-лардың ой өрісін дамытады, ауызша сауаттылығын арттырады, суретпен жұмыс арқылы балалардың ауыз екі сөйлеу тілін дамытады, сөздік қорларын байытып, өзара қарым - қатынастарын жақсартады.

Ұйымдастырылған оқу – қызметінің әдісі: Сұрақ - жауап, өңгімелесу

Ұйымдастырылған оқу – қызметінің түрі: жаңа сабақ

Ұйымдастырылған оқу – қызметінің жоспары:

– Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

– Сәлеметсіздерме қоңақтар!

Шаттық шеңбері:

Қуан шаттан

Қуан шаттан

Қуанатын күн бүгін

Қайырлы таң

Қайырлы күн

Күлпін шықты күн бүгін

– Олай болса, балалар, бүгін біз үй жануарлары және олардың төлі туралы өңгімелесеміз.

Ғажайып сөз

Ұнтаспадан аттың шабысы естіліп, қоржын ұстаған бала келеді.

– Сәлеметсіздерме ме балалар! Мен жайлаудан келдім. Шолпан ата сендерге мына қоржынды беріп жіберді.

Тәрбиеші: – Сәлеметсіз бе! Иә, рахмет. Қойшы бала төрлетіңіз.

Қойшы бала: – Рахмет, мен жайлауға қайтуым керек Мені атам күтіп отыр. Міне сізге қоржын.

Тәрбиеші: Сау болыңыз! Жайлауға аман жетіп, Шолпан атаға сәлем айтыңыз.

Ә) өңгімелесу

Бәріміз тақтаға қарайық. Үй жануарлары деп үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Түйе, жылқы, қой, ешкі, ит, мысық, есекте үй жануарларына жатады.

– Төрт түліктің төресі түйе. Түйе бірнеше күн ашытқа шыдайды, басқа жануар жемейтін шөпті жеп, арқасына май жинайды, оны еркеш дейді. Түйенің төлін бота дейді.

– Жылқы ең жүйрік жануар. Оны арбаға жегеді. Сүтінен қымыз ашытады. Етінен қазы-қарта, жал-жая әзірлейді. Жылқының төлін құлыншақ дейді.

Төрт түліктің бірі сиыр. Сиырдан сүт аламыз, одан айрақ май, құрт, қаймақ жасайды.

– Сыйрдың төлін бузау дейді.

– Қой төрт түлікке жатады. Қойдың еті, терісі, жүні пайдалы.

Қойдың төлін қозы дейді

Ешкі түбітіннен киім тоқиды, ет береді, сүтінің емдік қасиеті бар.

Ешкі төлін лақ дейді

– Ит малымызды, үйімізді күзетеді. Оның баласын күшік дейді.

– Мысық тышқан аулайды. Оның баласын марғау дейді.

– Балалар бул не?

– Қоржында не бар екенін көргілерің көле ме?

– Қоржында хат және асықтар бар екен.

Балаларға хатты ашып оқып беру.

Амансыңдар ма, ботақандарым!

Мен сендерге хат арқылы тапсыр-

малар және өздеріне арнап жинаған асықтарымды жібердім. Тапсырмаларымды дұрыс орындасандар, асықтар өздеріңе қалады делінген.

–Балалар тапсырманы орындайсыңдар ма?

Шолпан атаның тапсырмасы:

Дидактикалық ойын «Төлдерді табыстыр»

Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға үй жануарларының суреттерін іледі. Балаларға төлдердің суретін берді. Балалар төлдерді өз орындарына орналастырады.

V Сергіту сәті

Тіктен тіттің құлағын Ботам былай жүреді Сырттадытып тұрғын Бузау былай жүреді.

Алға озып мойынын Ойнақтайды ботақан Көкке қарай мұрынын Шүйіреді бузауқан.

Топтық ойын Балалар біз сендермен төрт топқа бөлінейік.

«Қыран» топқа бөлу әдісі

Дидактикалық ойын

Ойынның тақырыбы: күй жануарларын құрастыр»

Қой, сиыр, жылқы, түйе суреттерін құрастыру.

Шолпан атаның тапсырмасы:

Жануарлар қалай дыбыстайды?

Суретке қарап жануарлардың қалай дыбыстайтынын айту.

Дидактикалық ойын

Ойын «Көлеңкесін тап»

Үй жануарларының көлеңкесін табу

Қортынды

Мақал – мәтел

Мал өсірсен қой өсір, өнімі оның көп - көсір.

Ат - адамның қанаты, ас адамның қуаты.

«Сұхбат» ойыны арқылы оқу қызметін қорытындылау. Балаларға микрофон беріп, сұрақтар қою.

Балалар бүгін сабақта қандай жануарлармен таныстың?

Үй жануарларының төлдерін атайықшы?

Тағыда үй жануарларына нелер жатады?

– Балалар бүгінгі оқу қызметіне белсене қатыстыңыздар. Мен сендерге Шолпан аталарың жинаған асықты таратамын.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Қыдырбай Оксана Тұратайқызы
Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектологі



КӨҢІЛДІ ТҮСТЕР

ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛЫСЫ БАР
ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КОНСПЕКТІСІ

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыбы: «Көңілді түстер»

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты: Балаларға негізгі түстерді топтастыруға үйрету: сары, қызыл көк, жасыл. Балалардың коммуникативтік-ақпараттық қабілетін молайтып, ой-түйсігін қиялын дамыту.

Сеңсорлық ойлау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Құрал –жабдықтар: кілемше түрлі түсті оюлармен асықтар, түтікше, пинцет, су, пішіндер, түрлі түсті кеселер, пазл оюлар, стақандар, түрлі түсті кішкентай доптар.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойындар, өңгімелесу, мадақтау.

Ұйымдастыру кезеңі:

Дефектолог балалармен әуенмен ортаға келеді.

Дефектолог: – Балалар қараңдаршы мына жерде кілемше, текше жатыр, қәне, мына текшені лақтырып көрейік.

Жарайсың, енді кілемшедегі бейнеленген әуенмен жүріп өт.

Балалар қараңдаршы бізге мына кілемшені тастап кетіпті, енді біздер осы кілемшені безендіру қажетпіз. Ол үшін сендер менімен бірге ойындар ойнау керексіңдер.

Тура және кері санаймыз.

Балалар:

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

10 9 8 7 6 5 4 3 2 1

Жарайсыңдар мына ою сендерге, бұл ою кілемшелерді безендіруге көмектеседі.

Тыныс алу жаттығуы .

Балалар қараңдар мына жерде түрлі түсті кішкентай доптар бар. Осы доптарды өз түстеріне байланысты тынғалыдан үрлеу арқылы өткіземіз.

Ол үшін біздер орындайық отырып мұрынмен терең тыныс аламыз, демді ауызбен шығарамыз. Жарайсыңдар, доптарды өткізгендерің үшін мына ою сендерге.

Орындайық отырып жасау.

1-ші тапсырма «Пішіндерді жина»

Дефектолог: – Жарайсыңдар, мына жерде суда түрлі түсті пішіндер бар осыларды түстеріне байланысты бөлеміз. Оларды пинцетпен өз түстеріне байланысты ыдыстарға саламыз.

– Жарайсыңдар, енді түстерді атайық, қызыл сары, жасыл көк.

Қандай пішіндер бар?

Үшбұрыш

Дөңгелек

Төртбұрыш

– Жарайсыңдар, мына ою сендерге

Сергіту сәті: «Бала бала балапан»

Әуенмен бірге қимылдар жасау. 2-ші тапсырма «Пазл құрастыр»

Дефектолог: – Балалар мына жерде пазлдар бар. Пазлдар ерекше оюлар бейнеленген

– Қандай түстерден құрастырдындар?

– Жасыл және қызыл Көк және сары.

– Булардан не құрастырдындар?

– Оюлардан пішіндер құрастырдық.

– Қандай пішіндер?

– Төртбұрыш және үшбұрыш.

– Жарайсыңдар, жақсы құрастырдындар мына ою сендерге.

3-ші тапсырма «Кім жылдам?»

Дефектолог: Балалар мына жерде түрлі түсті доптар бар, осы доптарды енді үлгіге қарап орналастырайық.

– 1-ші қандай түстерді орналастырдындар?

– Қызыл көк

– 2-ші қандай түстерді орналастырдындар?

– Қызыл сары, жасыл

– 3-ші қандай түстерді орналастырдындар?

– Қызыл сары, көк, жасыл

– Жарайсыңдар, енді санап шығайық.

– 1 2

– 1 2 3

– 1 2 3 4

– Жарайсыңдар, сендер кілемшелерді безендіру үшін барлық оюларды жинап шықтыңдар, енді кілемшемізді әрлеуге кірісейік.

– Кілемшелер қандай түстерден?

– Қызыл және сары түстерден әрленген

– Неше кілемше әрледік?

– 2

– Кілемшеде әрленген оюдың аты қандай?

– Кошқар мүйіз

– Жарайсыңдар барлық тапсырманы орындадыңдар, кілемшені әрледіңдер.

– Сау болыңдар.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Сауранбаева Айдана Болатқызы
Ақтөбе облысының білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектологі

ҚАЙДАН КЕЛДІҢ, БАУЫРСАҚ?



Білім беру саласы: Әлеуметтік орта, қатынас

Бөлімі: Таным

Мақсаты: Дестүрден тыс технологияларды қолдана отырып балалардың сөздік қорын кеңейту, қоршаған орта туралы түсініктерін молайту. Өлеңді оқып беріп, балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын сөйлеу мәдениетін ойлау қабілетін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарқанға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлеу білуге үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Бауырсақ, қуыршақ, егіннің суреттері.

Сөздік жұмыс: Наубайхана, қырмаң дүкен.

– Балаларды шаттық шеңберге тұрады.

Бір – бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді.

–Жұмбақ жасыру:

Ұзын мұртты сарылар,

Қойынында дәнi бар.

Бидайдан не жасалады?

–Тыныштық сәті: (Бою музыка ойнайды, көздерін жұмып, көз алдарына туған үйің, отбасы мүшелерін елестетеді.)

–Балаларды шаттық шеңберге тұрады. Бір – бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді.

–Жұмбақ жасыру:

Ұзын мұртты сарылар,

Қойынында дәнi бар.

Бидайдан не жасалады?

–Тыныштық сәті: (Бою музыка ойнайды, көздерін жұмып, көз алдарына туған үйің, отбасы мүшелерін елестетеді. Тыныштық сәтін орындайды. Көздерін жұму арқылы

–Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» Өлеңімен таныстыру.

– Өлеңде не туралы айтылған?

– Бауырсақ қайда жатты?

– Қуыршақ не деп сұрады?

– Бауырсақ наубайға қайдан келді? т.б

Балалар: Өлеңді дефектологпен бірге қайталап айтады

–Сергіту сәті:

Сергіту сәтін қимылмен жасап орындайды дефектологпен қайталап. Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.

Жерді жыртпамыз, егінді себеміз, Суарамыз, күлпін баптаймыз. Бидай үлкен болып өседі, Комбайнмен орамыз,

Машинамен қамбаға тасимыз, Дирменде үн етіп дайындайды. Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.

Әр бала қимыл-қозғалысты қызығушылықпен жасайды.

Қәне енді бірге тіл ұстарту жаттығуын орындайық!

Са-Са-Са

Ысылдайды маса

Се-Се-Се шөй ішетін кесе

Ыс-Ыс-Ыс

Келіп жетті қыс

Ұс-Ұс-Ұс

Ұшты үлкен құс

Дидактикалық ойын «Не жасырғанын тап»

Сюжетті – рөлді ойын «Дүкенші»

Дидактикалық ойынды қызығушылықпен ойнайды

Сюжеттік- рөлді ойынды ойнайды. Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен?

–Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен?

–Бауырсақтың қандай түрлері бар?

–Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?

Балалар:Қойылған сұрақтарға балалар толық жауап беріп, өз ойларымен бөліседі.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ



Дефектолог: Балалар мына жерде асықтар бар, қәне осы асықтармен санайық.